

Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік жөніндегі заңдарды қолдану тәжірибесі туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1997 жылғы 18 шілде N 10 нормативтік қаулысы.

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22 N 7 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша: "209", "250" деген цифрлар тиісінше "234" және "286" деген цифрлармен ауыстырылды;

"ҚК-тің" деген сөздер "ҚК-нің" деген сөздермен ауыстырылды; "кеден одағының" деген сөз тиісінше "Еуразиялық экономикалық одақтың", "Еуразиялық экономикалық одаққа" деген сөзбен ауыстырылды; "рәсімдеуді" деген сөз "декларациялауды" деген сөзбен ауыстырылды; "қылмыстар", "қылмыстардың" деген сөздер тиісінше "қылмыстық құқық бұзушылықтар", "қылмыстық құқық бұзушылықтардың" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қылмыстық жаза қолданылатын контрабанда жөніндегі заңды дұрыс және бірегей қолдану мақсатында Жоғарғы Соттың жалпы отырысы қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22 N 7 Нормативтік қаулысымен.

1. Тауарларды немесе басқа құндылықтар мен заттарды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы заңсыз алып өту Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 234-бабында жауапкершілік көзделген экономикалық контрабанда болып саналады. Айналымнан алынған нәрселерді немесе айналымы шектеулі нәрселерді Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы және (немесе) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы заңсыз алып өту ҚК-нің 286-бабында жауапкершілік көзделген осындай тауарлардың контрабандасы болып саналады.

Қылмыстық жаза қолданылатын контрабанданы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген контрабандадан, сондай-ақ тауарларды және нәрселерді кеден шекарасы арқылы өткізумен ұласқан кедендік ережелерді бұзудан шектейтін жағдайлар ірі мөлшердегі контрабанда немесе арнайы ережелер белгіленген нәрселерді өткізу болып табылады.

Кедендік және мемлекеттік шекаралар ұғымы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 70-V Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған.

Тергеу ісін жүргізуде және сот құжаттарында контрабанданың ірі, аса ірі мөлшерін және басқа тиісті саралау белгілерін, оның ішінде белгілі бір заттарды алып кетудің арнайы ережелерін көрсету міндетті болып табылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сот Пленумының 1999.04.30 N 3 қаулысымен; ҚР Жоғарғы Сотының 2004.06.18 N 3, 2008.12.22 N 7, 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

2. Тауарларды немесе басқа құнды заттар мен нәрселерді заңсыз алып өту кеден аумағына кіргізу немесе оларды осы аумақтан шығару жолымен жүргізілуі мүмкін.

Алып кіру және шығару деп кез-келген тәсілмен (почтамен жіберу, әуе көлігімен алып өту және қайта жіберу, қолмен, қалтаға салып, қол жүгі түрінде тасымалдау және т.б.) контрабанда заттарын өткізуді түсіну керек.

3. Заңсыз алып өту өткізу бекеттерінде және шекарадан өтуі заңмен белгіленген (ашық алып өту сыңайымен) басқа жерлерде де, сондай-ақ бұл жерден тыс та (жасырын жолмен) жүргізіледі.

Қылмыстық құқық бұзушылық:

жасырын алып кіру және шығару жүргізілген кезде тікелей шекараны қиып өткен сәттен бастап;

ашық алып өту сыңайымен алып кірген кезде - кедендік декларация тіркелген сәттен бастап, ал арнайы ереже белгіленген заттар үшін - шекара бақылауы рәсімі біткен кезден бастап;

ашық алып өту сыңайымен алып шыққан кезде - кедендік декларация тіркелген сәттен бастап аяқталған деп саналады.

Өткізу пункттерінде және заңнамамен белгіленген басқа да орындарда, бірақ кеден органдарының белгіленбеген жұмыс уақытында тауарларды алып өткен жағдайларда шекараны кесіп өткен сәттен бастап қылмыстық құқық бұзушылық аяқталды деп есептеледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

4. Контрабанда объективті тұрғыда:

кедендік бақылаудан тауарларды, басқа құнды заттар мен нәрселерді жасыру;

оларды кедендік бақылаудан тыс алып өту;

оларды мәлімдемеу немесе бұрыс мәлімдеу;

кедендік және басқа құжаттарды немесе кедендік теңестірілген құралдарды алдап пайдалану ретінде сипатталады.

Тауарларға декларациялар берілгенге дейін тауарларды шығару туралы арызда немесе уақытша тасып әкелу (рұқсат беру) рәсімі бойынша, оның ішінде жарамсыз құжаттар, жалған (немесе) көрінеу теріс (қате) мәліметтер ұсынылып орналастырылған тауарлар болып табылатын, халықаралық тасымал көлік құралдарымен уақытша тасып әкетілген тауарларға қатысты операциялардың жасалғаны туралы арызда көрінеу теріс мәліметтерді көрсету.

Аталған санаттағы қылмыстарды жасау кезінде қандай да бір қылмыс зардаптарының басталуы қажет етілмейді. Осыған байланысты, тауарларды немесе ірі мөлшердегі өзге де заттарды "кеден транзиті" кеден рәсімі бойынша Еуразиялық экономикалық одақ шекарасы бойынша заңсыз алып өту кезінде жасалған әрекетті тауарлардың немесе заттардың аталған одаққа қатысушы мемлекеттердің (ішкі транзит) не үшінші елдердің (сыртқы транзит) аумағында олардың пайдаланылуы үшін арналғанына қарамастан ҚК-нің 234-бабы бойынша саралаған жөн.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Кедендік бақылаудан жасыру тауарларды, басқа құнды заттар мен нәрселерді кедендік бақылаудан тығу, оларды тасымалдағанда оларды тауып алуды қиындататын құпия орындарды немесе басқа тәсілдерді пайдалану немесе бір заты басқа заттың түрін беру болып табылады.

Кедендік бақылаудан тыс контрабандалық заттардың орнын ауыстыру оларды кедендік декларациялауды немесе оған берілген оны атқару уақытынан тыс Қазақстан Республикасының заңдарымен және кедендік органдармен белгіленген кедендік постылардан, өткізу бекеті мен басқа орындардан тыс өткізіп жіберу және алып өту болып табылады.

Кедендік және құжаттарды немесе кедендікке теңестірілген құжаттарды жалған пайдалану кедендік органдарға, сондай-ақ шекара бақылауын жүзеге асыратын адамдарға жарамсыз, заңсыз жолмен алынған, қолдан жасалған, сондай-ақ жалған мәліметтермен толтырылған құжаттарды көрсету, қолдан жасалған мөрлер, пломбылар, штамптылар және осы сияқты кедендікке теңестірілген құралдарды немесе басқа объектілерге жататын теңестірілген түпнұсқалық құралдарды пайдалану болып табылады.

Декларацияламау немесе дұрыс декларацияламау – бұл декларанттың тауарлар туралы теріс мәліметтерді (атауы, құны, саны, салмағы және басқалар), таңдалынып алынған кеден рәсімі және (немесе) кеден мақсаттары үшін қажетті өзге де

мәліметтерді кеден декларациясын пайдалана отырып кеден органына арыз жазуы не кедендік декларациялауды жүргізу кезінде тауарлар туралы мәліметтер көрсетілген осындай арызды беру міндетін орындамауы.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

6. Контрабанда мүлкі ретінде кез-келген материалдық дүниенің қозғалмалы заттарын, оның ішінде валюта, валюталық құндылықтар, электр, жылу немесе энергияның басқа да түрлері мен көлік құралдары деп түсіну керек.

Оларға сондай-ақ халықтың көркем, ғылыми, тарихи және археологиялық байлығы ретінде мәні бар мәдени құндылықтарды - өнер шығармалары, көне заттар, осындай мәні бар нәрселер, интеллектуалды меншік нысандары, құрып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктердің түрлері, олардың бөліктері мен ауытқуы (содан туындайтын) жатады. Аталған, сондай-ақ басқа да айналыстан алынбаған заттарды немесе айналысы шектелмеген заттарды (мысалы, азық-түлік, киім, аяқ киім, парфюмерлік заттар және т.б.) Еуразиялық экономикалық одақтың кеден шекарасы арқылы заңсыз өткізу үшін жауапкершілік ҚК-нің 234-бабында белгіленген.

Мәдени құндылықтарды және ұлттық мәдени игілік объектілерін Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге заңсыз әкету немесе оларды шекара арқылы Еуразиялық экономикалық одақтың басқа мемлекетіне алып өтіп Қазақстан Республикасына қайтармау ҚК-нің 203-бабының 1-1-бөлігі бойынша сараланады.

Мәдени құндылықтарды және ұлттық мәдени игілік объектілерін Қазақстан Республикасынан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тысқары жерге заңсыз әкету немесе оларды Қазақстан Республикасына қайтармау адамдардың әрекетінде экономикалық контрабанданың құрамы да болған кезде ҚК-нің 203-бабының 1-1-бөлігімен және ҚК-нің 234-бабының тиісті бөлігімен қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша сараланады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сот Пленумының 1999.04.30 N 3, 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

6-1. Соттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жеке тұлғалар үшін қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын әкелу мен әкетудің мынадай тәртібі белгіленгендігін назарға алуы керек:

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағының бөлігі болып табылатын аумақтан немесе аумаққа құжатты нысанда қолма-қол шетел және (немесе) ұлттық валютаны, вексельдерді, чектерді (оның ішінде жол чектерін), бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасына әкелу немесе Қазақстан Республикасынан әкету шектеусіз және кедендік декларациялаусыз жүзеге асырылады.

баламасы 10 мың АҚШ долларынан асатын жалпы сомаға қолма-қол шетел және (немесе) ұлттық валютаны (қымбат металдардан жасалатын монеталарды қоспағанда) және (немесе) жол чектерін Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушылар болып табылмайтын елдің аумағынан Қазақстан Республикасына біржолғы әкелу немесе Қазақстан Республикасынан осындай елдердің аумағына әкету кезінде, аталған құндылықтар әкелінетін немесе әкетілетін сомаға жолаушылардың кедендік декларациясын тапсыру арқылы жазбаша нысанда кедендік декларациялауға жатады.

Ескерту. Қаулы 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

6-2. Адам қолма-қол шетел және (немесе) ұлттық валюта және (немесе) жол чектері контрабандасын жасаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті жазбаша декларациялауға жатпайтын, яғни баламасы 10 мың АҚШ долларынан аспайтын мөлшердегі оның бөлігі контрабанда мүлкі ретінде танылмайды және адамға тағылған айып көлеміне енбейді. Осы сома иесіне қайтарылуы тиіс.

Ескерту. Қаулы 6-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

7. Психотроптық заттарды, олардың үлгілерін, прекурсорларды, күшті әсер ететін, улы, уландыратын, радиоактивті заттарды, радиоактивтік қалдықтарды немесе ядролық материалдарды, жарылғыш заттарды, қару-жарақты, соғыс техникасын, жарылғыш қондырғыларды, атыс қаруын, оқ-дәрілерді, ядролық химиялық биологиялық және қырып-жоюға пайдаланылуы мүмкін басқа да қарулардың, материалдардың, құрал-жабдықтардың немесе компоненттердің орнынан әкетілуі ҚК-нің 286-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрайды және контрабандалық заттардың мөлшері мен санынан тыс жауаптылыққа апарып соғады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сот Пленумының 1999.04.30 N 3 Қаулысымен; ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

8. Контрабандалық заттардың құны маманның (сарапшының) кеден ісі туралы заңнамамен және қылмыстық-процестік заңнамамен белгіленген қағидаларға сәйкес қорытындысының негізінде тауарлардың қылмыстық құқық бұзушылық жасалған сәттегі кедендік құны негізге алына отырып айқындалады.

Контрабандалық заттардың кедендік құны туралы мәліметтер болмаған жағдайда, олардың құны мемлекеттік реттелетін баға негізге алына отырып айқындалады (мысалы, жасанды спирттік ішімдіктер, басқа да жасанды тауарлар контрабандасы жағдайларында). Осындай мәліметтер болмаған кезде тауардың бағасы мен оның құны сарапшының (маманның) қорытындысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

8-1. ҚК-нің 234-бабында көзделген әрекеттерді ірі және аса ірі мөлшерде жасалған деп тану кезінде кедендік шекарадан кеден бақылауынан тыс немесе одан жасырын, не құжаттарды немесе кедендік теңестіру құралдарын алдап пайдалану арқылы өткізілген тауарлардың немесе өзге де заттардың бөлігінің, сондай-ақ кедендік шекара арқылы өткізудің арнайы ережелері белгіленген, декларацияланбаған не декларациялануы күмәнді тауарлардың, заттар мен құндылықтардың кедендік шекарадан өткізуге тыйым салынған немесе өткізу шектелген құнының бағасы ғана назарға алынуға тиіс.

Кеден және өзге де заңнама нормаларының талаптары сақтала отырып кеден шекарасы арқылы өткізілген тауарлардың немесе өзге де заттардың қалған бөлігі (егер осындай тауарлар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алынып қоймаған немесе оларға тыйым салынбаған жағдайда) шығаруға жатады.

Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сот Пленумының 2004.06.18 N 3 Нормативтік қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сот Пленумының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен; ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

9. Өз қызмет бабын пайдаланып контрабанда жасаған лауазымды адам деп, қызмет парызы бойынша кедендік және шекаралық бақылауды жүзеге асыратын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы және (немесе) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен басқа құнды заттар және нәрселерді қарау бойынша тиісті ықпал жасайтын және шекарадан өтуге рұқсат беретін адамды айтады.

Өзінің қызмет бабын пайдаланып, мұндай адамдармен жасалған контрабанда мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы қылмыстық заң баптары бойынша қосымша саралауды талап етпейді.

Өзінің қызмет бабын пайдаланып контрабанда жасаған мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті не соған теңестірілген басқа тұлғаларға жалпы негізде, яғни лауазымдық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы қылмыстық заң нормаларын қолдану көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша және аталған саралау белгілеріне сілтемесіз ҚК-нің контрабанда туралы баптарының тиісті бөліктері бойынша жауапкершілік жүктеледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сот Пленумының 1999.04.30 N 3 , 2008.12.22 N 7, 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

10. "Ұйымдасқан топтың" саралану белгілері деп алдын-ала контрабанда жасау үшін бірлескен адамдардың қалыптасқан тобын түсіну керек. Бірнеше адамға, соның ішінде оның өзіне де тиесілі тауарларды немесе өзге де құндылықтар мен заттарды заңсыз өткізуге қасақана ниетті адам біріккен (бірге орны ауыстырылған) контрабандалық заттардың контрабандасы үшін жауапкершілік көтеруге тиіс. Қасақана ниеті контрабандалық заттардың қалған бөлігін заңсыз өткізу бойынша басқа адамдардың әрекетін қамтымайтын, орны ауыстырылуы өзіне көрінеу заңсыз мұндай тауарлардың немесе құндылықтар мен заттардың жеке бөлігінің иесі тек оған тиесілі мүліктің контрабандасы үшін қылмыстық жауапкершілік көтереді.

"Қылмыстық топ" саралаушы белгісінің болуы ҚК-нің 3-бабының 24) тармағы мазмұнының негізінде айқындалады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сот Пленумының 2004.06.18 N 3 Нормативтік қаулысымен; ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

11. Контрабанданы жасау кеден органдары алатын міндетті төлемдер мен салықтарды төлеуден бас тартумен объективті түрде ұласады, ал айыптының тауарлар немесе құнды заттарды заңсыз алып өтудегі тікелей пиғылы әдеттегінше осы алып өтудің мақсаты болып табылады, сондықтан бұл әрекеттер салықтарды және бюджетке басқа міндетті төлемдерді төлеуден бас тартқаны үшін қосымша саралауға жатпайды.

Мұндай саралау тек контрабанда құрамын және міндетті төлемдерді төлеуден қылмысты бас тарту құрамын құрайтын әрекеттер әр кезде жасалған жағдайда ғана орын алуы мүмкін.

Кедендік және басқа құжаттарды (қызмет бабында жасыру төлем белгілерін, құжаттарды қолдан жасау) алдап пайдалану белгілері бар әрекеттер қосымша саралауды қажет етпейді.

Контрабандамен қатар басқа жеке алғанда валютамен немесе есірткі заттармен, психотроптық заттармен, олардың үлгілерімен атылатын қарумен және қару-жарақтармен және т.б., немесе кеденнен гөрі (шекаралық валюталық есірткі және т.б.) басқа бақылау объектісі болып табылатын мемлекеттік шекараны бұзумен байланысты өзге қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалған жағдайда әрекеттер қылмыстық заңның тиісті қалыптарында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша саралануы тиіс.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

12. Тауарларды немесе басқа құнды заттар мен нәрселерді кедендік декларациялауды қажет етпейтін оның ішінде қатысушысы Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық келісімдер негізінде кедендік және шекаралық

бақылауды бұзу немесе жеңілдету және оларды алып өтудің рұқсат етілу тәртібі мен шарттарын қамтамасыз ету, қазақстандық рынокты қорғауға және контрабанда нәрселерінің заңсыз айналымының жолын кесуге бағытталған қылмыстық заң күшінің шектерін тарылтпайды.

Мұндай жағдайларда кедендік шекара арқылы тауарларды немесе басқа құнды заттар мен нәрселерді қылмыстық жазалаушылықпен орнынан алып кету оларды мәлімдемеумен және кедендік, шекаралық бақылаудан тыс жасаумен ұласқан контрабанда ретінде бағаланады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сот Пленумының 1999.04.30 N 3 Қаулысымен.

13. Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерлердегі айыптының мүлкін пайдалануға тыйым салу туралы заңның талаптарын орындау оның мүмкін болатын тәркіленуін қамтамасыз ету үшін тек қатысушысы Қазақстан Республикасы болып саналатын халықаралық келісімдер негізінде және соған сәйкес жүргізіледі.

14. Осы санаттағы істер бойынша жаза тағайындаған кезде соттар ҚК-нің 52-бабының талаптарын басшылыққа алып, мұндайда жаза негізді және әділ болуы үшін контрабанда заттарының мөлшері мен санын ескергені, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, немесе арнаулы, әскери не құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру ретіндегі қосымша жаза тағайындау мәселесін қарағаны жөн. Заңмен көзделген жағдайларда контрабанда заттарын мемлекет кірісіне енгізген жөн.

Соттар сондай-ақ мемлекет кірісіне айналдырылған контрабанда нәрселерін өткізуден түскен қаржының толық көлемде мемлекет бюджетіне аударылуға жататынын ескеруі тиіс. Сондықтан соттар үкімде мемлекет кірісіне айналдырған контрабанда нәрселерін өткізуден түскен қаржының белгілі бір бөлігін қандай да бір арнайы есепке аудару жөнінде ұйғару жасамауы керек.

Егер айыпты контрабанда нәрселерін сатып жіберсе, сот сотталған адамнан оның құнын, егер бұл сату мемлекетке міндетті төлемдерді төлеуден бас тарту жағдайымен ұласса, төленбеген төлемдердің тиісті сомасын мемлекет кірісіне өндіріп алу жөнінде мәселені шешуі тиіс.

ҚК-нің 234, 286-баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауда кінәлі деп танылған адамдардың контрабандалық тауарларды немесе өзге де құндылықтар мен заттарды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы және (немесе) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы көлік құралдарын пайдалана отырып заңсыз кіргізу немесе шығару фактілерін анықтау барысында контрабанда кезінде пайдаланылған көлік құралдары туралы мәселе олардың іс бойынша қылмыстық құқық бұзушылық қаруы ретінде заң тәртібімен белгіленген заттай дәлелдеме болып танылуына қарай шешілуге тиіс.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сот Пленумының 1999.04.30 N 3 қаулысымен; ҚР Жоғарғы Сотының 2008.12.22 N 7, 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2018 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

15. Осы қаулының қабылдануына байланысты КСРО Жоғарғы Соты Пленумының 1978 ж. 3 ақпандағы "Контрабанда туралы істер бойынша сот тәжірибесі туралы" N 2 қаулысы, 1978 ж. 5 қыркүйектегі N 7 және 1978 ж 6 желтоқсандағы N 7 қаулылары енгізген өзгертулермен қоса күші жойылған деп танылсын.

16. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-тармағына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. Нормативтік қаулы 16-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 8 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).